



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Қазақ жеріндегі мәдениетаралық
коммуникация: қазақтың «тамырластық
институты» мен толеранттылығы





Мақсаты: дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі жат жұрттықпен тіл табысып, бейбіт өмір сүрудің жолы қандай болды? Толеранттылықты қазақ халқы қалай ұстанды? деген сауалдарға жауап іздеген профессор Нұргелді Уәлидің зерттеуімен танысады.

Дәрістің басты терминдері: бірегейлік, толеранттылық, тамырластық, қоныстанушы мәдениет, эшалондық мәдениет.

- Бірегейлік – ұлттың тіл, мәдениет, салт-сана, дәстүр, жөн-жоралғы бойынша бірыңғайлығы, бірдейлік, бұртұтастығы;
- Толеранттылық – өзге ұлт, халықтың тіл, мәдениет, өмір сүру салтына деген түсіністік, сабырлық, төзімділік;
- Тамырластық – қазақ пен орыс ұлтының арасындағы ғұрыптық негізде қалыптасқан дос, туыс болу салты;
- Қоныстанушы мәдениет – қазақ жеріне сырттан көшіп келген өзге ұлттың жерсінген кезіндегі өзіндік мәдениеті;
- Эшалондық мәдениет – 1954 жылы қазақ еліне «тыңгерлер» деген атпен келген өзге мәдениет өкілдерінің мәдениетін атайтын шартты атау.

1. Тіл – ұлттық бірегейліктің идентификаторы

Тіл – ұлттық бірегейліктің идентификаторы. Бірегейлік белгілі бір объектіге қатысты элементтерден тұрады. Олар тіл, мәдениет, салт-дәстүр, дін т.б. объектіні, яғни ұлтты құрушы элементтер болып табылады. Бірегейлігін сақтаған объект (субъект) әдетте бекем болады. Сондықтан ұлт (этнос) өзінің дәстүрлі мәдениетін (әдет-ғұрыптар, мәдени стереотиптер мен ұлттық символдарын т.б.), әсіресе тіл бірегейлігін сақтауға құлшыныс танытады.

Патшалық Ресейге тәуелді Қазақстанның ұлттық бірегейлігі басқаша сипатта болды. Қазақстан территориясын қоныстанушылардың саны бірте-бірте көбейді: тілі, діні басқа ұлт өкілдерімен, яғни басқа мәдениет өкілдерімен қазақтардың қатарлас өмір сүруіне тура келді.

«Патшалық билік бұратаналарға орыс тілін үйретуді қажет деп таппады», – дейді ғалым. Ильминский сияқты миссионерлер қазақтардың орыс ұлықтарының алдында ойын жеткізіп айта алмай, орыс тілін білмегеніне қорланып, төменшіктеп тұруға тиіс деп оқу-ағарту департаментіне кеңес беріп отырды.

2. Қоныстанушы мәдениет

Бір-бірте уақыт өте келе басқыншылар қоныстанушы этносқа айналды: егін екті, мал өсірді, түтін түтетті. Жергілікті мәдениет қоныстанушы мәдениет өкілдерінің тұрмыс тіршілігіне назар аудармай қойған жоқ.

Уақыт өте келе арақашықтық жақындай түсті. Қоныстанушы мәдениеттің қарапайым өкілдері (шаруалар) жергілікті мәдениеттің кейбір құндылықтарын байқай бастады: маскүнемдік, нашақорлық жоқ; ел ұстаған ағадан бастап, таяқ ұстаған қойшыға дейін қисынды сөзге шешен екені; үлкенді, ата-ананы, оң жақта отырған қызды, ананы сыйлайтын, қарттарын қаңғыртпайтын, керісінше құрметтейтін, жетім-жесірін тентіретпейтін әдет-ғұрыптарының аса күшті болатыны; кеңпейілділігі, қонақжайлығы, көрші қақысына айрықша мән беріп, ерекше жоғары қоятыны; қазақтардың оқуға, жазуға (ескіше) қара жаяу емес, ынталы екені мәдениетаралық қатынас жақындай түскеннен-ақ аңғарыла бастады.

Қазақ халқының толеранттылығы негізгі фактор болды. Толеранттылықтың жеке көріністері барлық халықта болуы ықтимал. Ал толеранттылықтың жаппай халықтық сипат алуы қазақ қоғамында күшті болды. Бұлай деуімізге дәлел дәстүрлі қазақ қоғамында тамырластық институтының болуы. Бұл тұста байырғы қазақ қоғамы ойлап тапқан тамырластық институтының мәні ерекше.



Дәстүрлі қазақ қоғамындағы тамырласу институтының түп негізі Алаш заманында пайда болып, құқықтық сипаты бар ғұрыпқа айналған. Тамырласудың шарттары құқықпен қорғалатын болған. Лингвистикалық дерекке сүйенсек, қазақ тілінде тамырдың төрт түрі бар екенін байқаймыз: 1) дос тамыр; 2) ауыз тамыр; 3) құда тамыр; 4) қарға тамыр.

Патшалық Ресейге тәуелді болған қазақ елінде қоныстанушы мәдениет пен жергілікті мәдениет аралығындағы қашықтық бірте-бірте жақындап, түйіскен сәтте тамырластық институты қайта жаңғырды. Күнделікті қарапайым өмірдің мысалына жүгінсек, қазақ қой-қозысын апарып, орыс тамырының қуаныш-қайғысына ортақтасады, өз кезегінде орыс тамыр қауын-қарбызын, картобын т.б. арбасына тиеп, қазақ тамырына келетін болған. Міне, бұл екі мәдениеттің күнделікті тұрмыста қатарласа өмір сүруі еді. Бұған қазақтың толеранттылық болмысы себеп болды. Ал орыстар қазақ тілін үйренуінің нәтижесінде арадағы коммуникация құралы, мәдениетаралық қатынас қызметін қазақ тілі атқарды.

3. Қуғындалушы мәдениет

Қазақстанның көпмәдениетті (поликультура, мультикультура) қоғамға айналуының үлкен бір кезеңі оның жеріне 1941 жылдары тоталитарлық режимнің салдарынан қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған халықтардың қоныстануы болды.

Эшалондық мәдениет. Жергілікті мәдениетті ұлтсыздандыру саясатының аса күшейіп, дағдарысқа соқтыруы атақты «тың эпопеясымен» (1954) байланысты болды. Қазақ еліне «тыңгерлер» деген атпен эшалон-эшалон болып, өзге мәдениет өкілдері қоныстанып жатты. Бұл мәдениетті шартты түрде эшалондық мәдениет деп алдық.

Кейбір орыстілді қазақтардың когнитивтік санасында қазақ тілінің қисық айнаға түскендей бұрмаланған бейнесі (картинасы) пайда болып, ауыл қазақтарына қатысты «МӘМБЕТ» концептісі орныға түсті.

Қазақ тілділердің санасында қазақ тілін білмейтін қалалық қандастарын «орыс болып кеткен», «шалақазақ», «ата-баба дәстүрін сыйламайтын», «қара орыс» т.б. прототиптік түсініктер жинақтала келіп, «МӘҢГҮРТ» концептісі қалыптасты.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Мәмбет пен мәңгүрт сөздерін айнала, дос-жарандарыңыздан қаншалықты жиі еститініңізді және не себептен естілетінін барлау жасаңыз.

2. Қазақ даласында жатжұрттыққа деген көзқарас және қатынас қандай сипатта болғаны туралы досыңызбен пікірлесіңіз, ойларыңыз бір жерден шықты ма, байқаңыз.

3. Тамырластық туралы ата-әжеңіздің бала кезіндегі әңгімелерінен естігеніңізді баяндап, еске түсіріңіз, жағымды не жағымсыз эмоциямен айтылған әңгіменің себебін анықтаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Қоныстанушы мәдениет пен қазақ мәдениетінің арасында қандай коммуникация орын алды?

2. Қазақ қоғамы қалай көпмәдениетті қоғамға айналды?

3. Тамырластық институтының қоғамда атқарған қызметі қандай?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. А: 2014. 5 том.



Кітап: Тіл және мәдениетаралық коммуникация

Дәріс: 7. Қазақ жеріндегі мәдениетаралық коммуникация: қазақтың «тамырластық институты» мен толеранттылығы

2. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық дисс. Алматы, 2007.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. А., 2007-2011. 15 том.
4. <https://articlekz.com/article/12499> <https://articlekz.com/article/12499>
5. <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/260>.
6. Уәли Н., Қазақтың тамырластық институты мен толеранттылығы. // Ана тілі – 2009 ж. 27 тамыз – 2 қыркүйек. – №34 – 6б.
7. Қайдар Ә., Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы. 2004, – 560 б.
8. Алаш орда. Энциклопедия. Алматы: «Арыс», 2009. – 5-8б.б.
9. Ахметжанова З., Ерназарова З., Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос. – А., 2016. – 288 с.